



БЕКІТЕМІН:
Директорлық оқу жиынтығының
жұмыс жөніндегі өрынбасары
Абирова М.Л.

«28» 08. 2023 ж.

**«КӘСІБІ ҚАЗАҚ ТІЛІ» пәннің
ОҚУ-ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

ЖГП 01 «Кәсіби казак тілі»

- Мамандығы 09110200 «Ортопедиялық стоматология»
біліктілігі 4S09110103 «Тіс техникі»
мамандығы 09110100 «Стоматология»
біліктілігі 4S09110102 «Дантист»
мамандығы 09130100 «Мейіргер ісі»
біліктілігі 4S09130101 «Жалпы практикадығы мейіргер»
мамандығы 09140200 «Медициналық оптика»
біліктілігі 4S09140201 «Медициналық оптик»
мамандығы 07140600 «Медицина техникалырын монтаждау, кызмет көрсету және жөндеу»
біліктілігі 4S07140603 «Техник-электроншы»
мамандығы 09140200 «Медициналық оптика»
біліктілігі 4S09140202 «Оптикометрист»
мамандығы 09120100 «Емдеу ісі» біліктілігі 4S09120101 «Фельдшер»
мамандығы 09160100 «Фармация»
біліктілігі 4S09160101 «Фармацевт».

Курс: 2

Семестр: 3,4

Бақылау түрі: Емтихан

Барлық сагаттардың/кредиттердің KZ жалпы саны -72/3

Алматы, 2023 ж.

8 БЕТТИҢ 1 БЕТІ

«Кәсіби қазақ тілі» пәнінің оку-жұмыс бағдарламасын құрастырган оқытушылар:

Рузденова А.С. Анда
Османова Да.А. Оз
Калиева Б.О. Бекіт
Ниязбек А.Б. Невель
Ерзатұлы Ә. Есде
Шамсиева Г.Ш. Гүлжан

Мамандықтардың типтік бағдарламасына негізделген:

Мамандығы 09110200 «Ортопедиялық стоматология», біліктілігі 4S09110103 «Технология»,
Мамандығы 09110100 «Стоматология» біліктілігі 4S09110102 «Дентист»,
Мамандығы 09130100 «Мейіргер ісі» біліктілігі 4S09130101 «Жалпы практикадағы
мейіргер», Мамандығы 09140200 «Медициналық оптика» біліктілігі 4S09140201
«Медициналық оптик», Мамандығы 09140200 «Медициналық оптика», біліктілігі
4S09140202 «Оптикометрист», Мамандығы 09120100 «Емдеу ісі» біліктілігі 4S09120101
«Фельдшер», мамандығы 07140600 «Медицина техникаларын монтаждау, кызмет көрсету
және жөндеу», біліктілігі 4S07140603 «Техник-электроншы», мамандығы 09160100
«Фармация», біліктілігі 4S09160101 «Фармацевт».

«Кәсіби қазақ тілі» пәнінің оку-жұмыс бағдарламасы «Жалпы білім беру,
жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер» бойынша
циклдік әдістемелік комиссияның отырысында қаралып ұсынылды.

хаттама № 1 «28» 08 2023 ж

ЦЭК төрайымы Олжай Сатаева А.А.

Методикалық кеңес отырысында бекітілді

хаттама № 1 «28» 08 2023 ж

3.1 Kіріспе.

Қазақ тілінің практикалық курсы түзету, тілдік құзыреттілікті арттыру және сөйлеудің әр түрлі стильтерінің ерекшеліктерін менгеруге бағытталған.

Сөйлеу тілінің ғылыми стилінің ерекшеліктерін зерделеуге, мәтіндегі ғылыми ақпараттың түрін анықтай білуге, оның құрылымдық-семантикалық үйімдастырылуын талдауға баса назар аударылды. Мәтіндерге жоспарлардың әртүрлі түрлерін құру. Оку курсы тұрақты дағдыны қалыптастыруға және қазақ тіліндегі оку-ғылыми, жалпы ғылыми және ғылыми-көпшілік мәтіндерде қамтылған ақпаратты бейнелеуді жетілдіруге бағытталған.

"Кәсіби қазақ тілі" курсы тіл коммуникациясының әр түрлі салаларында: әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, коғамдық, оқу-кәсіби болашақ медициналық бейіндегі мамандардың сөздік мәдениетін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Пәннің ерекшелігі сөйлеу қызметіне, оның төрт түрі - сөйлеу, тындау, оку және хатқа көп көңіл бөлінеді. Практикалық сабактар барысында студенттер тілдің барлық жүйесін, оның зандарын, нормаларын біле отырып осы зандар мен нормаларды, дұрыс, әдемі сөйлеу үлгілерін пайдалана отырып, кез келген оқытушының пәннің тақырыбы бойынша кез келген стильтегі өз мәтіндерін сауатты құру көзделген.

3.2. Пән саясаты:

Осы пәнді оку процесінде студенттерге қойылатын жалпы талаптар.

- студенттер колледже оку ережелерін сактауы тиіс: сабактарды өткізу алмауы, кешігіп калмауы, материалды түсіндіру кезінде сөйлеспеуі, ұялы телефонды қоспауы және т. б.;
- егер студенттерде курс бойынша қандай да бір сұраптар туындаса, олар байланыс сағаттарында түсініктеме алу үшін оқытушыға жүргіне алады;
- әрбір үй жұмысы белгілі бір мерзімде тапсырылуы тиіс, олар сабактарда нақтыланатын болады;
- заманауи ақпараттық технологияларды қолдана білу.
- менеджмент пен маркетингтің заманауи тұжырымдамаларын менгеру, таңдалған мамандыққа танымдық қызығушылықты, байқағыштықты, жағдайды талдай білуді дамыту, жұмыста барынша дербестікке ұмтылу, кәсіби қызметке шығармашылық қарым-қатынас жасау және өз міндеттерін орындауда шеберлікке жету, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;
- әрбір сабакта ұқыпты түрде медициналық халат, қалпақ, маска болуы тиіс.

3.3. Бұл курстың мақсаты - қазақ әдеби тілі және оны қалыпты қолдану бойынша білімді жүйелеу, сонымен катар ауызша, жазбаша сөйлеуді дұрыс рәсімдеу дағдыларын жетілдіру. Сөздік арқылы орташа курделілік мамандығы бойынша медициналық мәтіндер мен әдебиеттерді түсіну және аудару, бағдарламада берілген тілдік материал негізінде ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту.

3.4. Пәннің міндеті : - студенттердің тілдік, сөйлеу және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту;

- * әр түрлі командаларда жұмыс істей отырып, кәсіби ортада өзара қарым-қатынасты дұрыс жасай білуді үрету;
- * іскерлік және медициналық құжаттарды қазақ тілінде сауатты толтыруға үрету;
- * қазақ тілінде арнайы әдебиетті окуга деген сүйіспеншілікті тәрбиелөу;
- * аударма дағдыларына үрету;

* бағдарламалық және медициналық терминологияны қолдану.

3.5 Пәнді оқытудың соңғы нағтыншылары:

Теориялық білімді практикалық қызметте жүзеге асыру үшін білім, білік, дағдыларды дамыта білу.

Студент білу керек:

- көркем шығармалардагы көтерілген манызды проблемаларды білу;
- жекелеген тақырыптар бойынша өз ойларын айтуда, бағалай білу;
- бір тақырыптың оқу барысында әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларын орындай білу;
- ақпараттарды аузынша және жазбаша түрде сабактарда қолдану;
- өз әрекетін зерттей, саралтай білу;
- әдебиет пәнінен көркем шығармалар арқылы білім стандартының талаптарына сай білімді менгеру;

Студенттің дағдысын қалыптастыруды:

- шығармалар арқылы ой-жүйесін жинақтап, корытындылап, өзінше ой-пікір айтуда, жүйелеп, көркемдеп сөйлеуге, шешендік дәстүрге үйрену;
- сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, коштасу, күттүктіктау, алғыс айтуда, дастархан басында сөйлеу әдерлілігі)
- өнер, мәдениет, әдебиет туралы айта білу, жиын, жинальыста сөйлей білу, КР халықаралық карым-қатынасы туралы айта білу.

3.6.Пререквизиттері:

Колледже кәсіби казақ тілі және ақпаратты басқару курсын оқу негізгі жалпы білім беретін мектептің бағдарламасы көлемінде пән бойынша қалыптастанған білімге, білік пән дағдыға негізделеді. Информатика, тарих, казақ тілі қазақ әдебиеті мектеп бағдарламасы Қазақстан тарихы, қазақ тілі, орыс әдебиеті, іс жүргізу.

3.7. Постреквизиттері: Жалпы кәсіби және арнайы пәндер, Ақпараттық технологиялар, Кәсіби қызметтегі ақпараттық технологиялар.

3.8 Пәннің қысқаша мазмұны: Тіл ұлттық мәдениет өмірінің қалыбы мен құралы ретінде. Менің болашақ мамандығым. Қөнерген сөздер (Архаизмдер). Жаңа сөздер (Неологизмдер). Медицина саласының ұлы ғалымдары. Қөнерген сөздер (Архаизмдер). Жаңа сөздер (Неологизмдер). Медицина саласының ұлы ғалымдары. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер. Арнаулы сөздер (Терминдер). Өміrbаян. Алғашқы медбике Флоренс Найтингейл. Негізгі және көмекші сөздер. Сөз таптаратының түрлері. Алғашқы дәрігерлік көмектің мәні. Зат есім және түрлері. Зат есімнің жүрнектары. Гепократ.

3.9. Тақырыптық жоспар: Пәнді оқу жоспарын кесте түрінде ресімдеу ұсынылады, онда тақырыптың атауы, оқытуды үйимдастыру нысандары және қандай да бір тақырыпты зерделеуге болінген сағат саны, сондай-ақ тақырыптардың қысқаша мазмұны (менгеруі белгілі бір құзыреттерді табысты кәсіби қызмет үшін алуға мүмкіндік беретін білім, білік және дағды) көрсетіледі.

3.9.1. Практикалық сабактардың тақырыптық жоспары

p/c №	Тақырыптар атаяу	Қысқаша мазмұны	Сарғасыны
1	Тіл ұлттық мәдениет өмірінің қалыбы мен құралы ретінде. Менің болашақ мамандығым.	Қазіргі әлемдегі қазақ тілі. Менің болашақ мамандығым туралы дөңгелек үстел.	2
2	Фонетика. Дыбыстау мүшелері. Менің отбасым.	Дыбыстау мүшелерін талқылау.	2
3	Дыбыс және әріп. Алфавит. Біздің колледж.	Біздің колледж. Дыбыс және әріп. Алфавитті талқылау.	2
4	Дауысты дыбыстар. Қазақстан медицинасы.	Дауысты дыбыстарды талқылау.	2
5	Дауыссыз дыбыстар. Менің жұмыс күнім.	Дауыссыз дыбыстарды талқылау.	2
6	Дыбыстардың үндесуі. Үндестік заны. Халық медицинасы.	Дыбыстардың үндесуі. Үндестік занын түсіндіру.	2
7	Қазақ тіліндегі екпіннің ерекшелігі. Буын. Тасымал. Медициналық этика.	Қазақ тіліндегі екпіннің ерекшелігі. Буын. Тасымал түрлері.	2
8	Лексика. Кірме сөздер Қазақ дәрігері.	Кірме сөздердің нақтылау.	2
9	Көнерген сөздер (Архаизмдер). Жана сөздер (Неологизмдер). Медицина саласының ұлыштары.	Көнерген сөздер (Архаизмдер). Жана сөздер (Неологизмдер)	2
10	Диалект сөздер. Қасіби сөздер. Арнаулы сөздер (Терминдер). Өмірбаян. Алғашқы медбике Флоренс Найтингейл.	Флоренс Найтингейл. Өмірбаян. Диалект сөздер. Қасіби сөздер. Арнаулы сөздер (Терминдер)	2
11	Орфоэпия. Айтылуы мен екпіннің қойылуы. Сөз мағынасы. Адамның дене мүшелері	Орфоэпия. Айтылуы мен екпіннің қойылуы. Сөз мағынасы.	2
12	(Аралық бақылау №1) Лексика. Фонетика.	білімді бағалау	2

13	Сөз құрамы. Адам дене құрылымының физиологиялық қалпы.	Сөз құрамы. Түбір сөз. Қосымша	2
14	Жүрнәк. Адам дене құрылымының биологиялық қалпы.	Жүрнектарды түсіндіру.	2
15	Жалғаулар. Көптік жалғау. Жедел жәрдем.	Жалғаулар. Көптік жалғау.	2
16	Тәуелдік жалғау. Ақ халатты абзал жандар.	Тәуелдік жалғауларды талқылау.	2
17	Септік жалғау. Клиникалық көмек көрсету.	Септік жалғауды реттеу. Клиникада қандай қызмет көрсетеді.	2
18	Жіктік жалғау. Фармациялық көмеккөрсету.	Жіктік жалғауды талқылау.	2
19	Қосымшалардың орын тәртібі. Көз жүректің айнасы.	Қосымшалардың орын тәртібін анықтау.	2
20	Қос сөздер. Дұрыс тамақтану.	Тамақтану тәртібі. Қос сөздерді реттеу.	2
21	Біріккен сөздер. Тіс дәрігері- адамға күлкі сыйлайтын абзал жандар.	Біріккен сөздерге мысалдар келтіру арқылы түсіндіру.	2
22	Қыскарған сөздер. Дәрігер принциптері.	Бас мейірбике. Қыскарған сөздерге мысал	2
23	Тіркессен сөздер. Дәрігердің пациентке болған қарым қатынасы.	Тіркессен сөздерге мысалдар келтіру арқылы жұмыстар жасау.	2
24	Аралық бақылау№2. Грамматика.	білімді бағалау	2
25	Негізгі және көмекші сөздер. Сөз таптарының түрлері. Алғашқы дәрігерлік көмектің мәні.	Сөз таптарының түрлерін талқылау.	2
26	Зат есім және түрлері. Зат есімнің жүрнектары. Гепократ.	Зат есім және түрлері. Зат есімнің жүрнектарына жұмыс жүргізу.	2
27	Көмекші есімдер.	Көмекші есімдер. Сын есімдерге мысал.	2
28	Сан есім. Сан есімнің түрлері Зардан шеккендерге алғашқы көмек көрсету.	Зардан шеккендерге алғашқы көмек көрсету. Сан есім. Сан есімнің түрлерін нақтылау.	2

29	Аралас құрмалас сөйлем	Аралас құрмалас сөйлемдерді реттеу.	2
30	Жастар мәселесінің түйіткілдері. Демеулік шылаулар	<p>Демеуліктер деп өздері тіркесетін сөздерге әр киғылыштың жағынан реңктер (мағыналар) жамайтын сөздерді айтамыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • сұраулық • шектік • нақтылық • қүшейткіш • болжалдық • болымсыздық • қомсыну 	2
31	Толеранттылық – бейбітшілік кепілі. Оқшау сөздер	Оқшау сөздер – сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспей, дауыс ыргағы арқылы ерекшеленетін сөздер мен сөз тіркестері.	2
32	Береке басы бірлікте. Ел бірлігін сақтау – бабалар аманаты	Бірлік тубі - береке.	2
33	Ұлттық қауіпсіздік кызметкері болғым келеді	Ұлттық қауіпсіздік азаматтардың, <u>коғамның</u> және <u>мемлекеттің</u> әмірлік мәнді мүдделерінің, ұлттық құндылықтарының, <u>әмір</u> салтының әртүрлі (саяси, экономикалық, әскери, экологиялық, психологиялық және тағы басқалар) ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден коргалғандығы.	2
34	Отан қорғау – парызым	“Отан үшін отқа тұс – құймейсін” деген екен Баумен, Бауыржан Момышұлы. Осы сөздің өзегіне бойласаң көп ақиқат ашылады. Отанды қорғау, ең алдымен, ер азаматтардың міндеті.	2
35	Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш Демалыс мәдениеті	Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Тайм-менеджмент – уақытыңды дұрыс жоспарлау өнері	2
36	Аралық бакылау №3. Марфология. Құрмалас сөйлем.	білімді бағалау	2
Барлығы:			72 е

Курс	Семестр	Кредит	Практикалық сабактар	Барлық сағат саны	СОӨЖ	СӨЖ	Қорытынды бақылау түрі
2	3,4	3	72	-	-	-	Емтихан

3.10 Негізгі әдебиеттер:

1. Ш.К.Бектұров. Қазақ тілі:лексика,фонетика,морфология,синтаксис.Алматы, 2017
2. Р.Шаймерденов. Бекітілген терминдер сөздігі (15 мыңға жуық термин). Алматы,2019
3. Ж.Адамбаева,Ф.Оразбаева, К.Оңалбаева. Қазақ тілі .Алматы: Мектеп, 2017
4. Б.Ж.Доскеева. Кәсіби қазақ тілі. Алматы, 2018 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. С.Дюсебаев, Г.Байтилеуова. Қазақ тілі. Алматы, 2019 ж.
2. З.Күзекбаев. Қазақ тілі. Алматы, 2017 ж.
3. Қазақ тілін оқып үйренудің бесденгейлік бағдарламасы.Астана, 2018 ж.
4. М.Балақаев, Т.Сайрамбаев.Қазіргі қазақ тілі.Алматы, 2019 ж.

3.11.Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:

- түсіндірме-иллюстрациялық әдіс
- репродуктивті әдіс
- проблемалық презентация әдісі, ішінара іздеу
- эвристикалық әдіс
- зерттеу әдісі.

3.12 Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әр деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдық, аралық, қорытынды бақылау) сабактың барлық түрлерін бағалау ережесі.

Оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттердің калыптасуын ғана емес, сонымен катар базалық құзыреттер мен оларды қамтамасыз ететін машықтардың дамуын да тексеруге мүмкіндік беруі тиіс. Білімді бағалау-бұл студенттердің білім деңгейін оку бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.

Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оку-танымдық іс-әрекетін ынталандыру және бағыттау. Бағалауга койылатын негізгі талаптар: объективтілік, жариялышық және анықтық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оку жетістіктерін бағалау - үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау-балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Кесте №1. Төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес келетін білім алушылардың оку жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұнды пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,00	65-69	Канағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	Канағаттанарлықсыз
Бағалау критерийлері	<p>«A» өте жақсы: студент қазақ тілі саласында толық жауап береді, бағдарламалық материалды толық менгеруді, өзіндік жұмыстың тапсырмаларын дер кезінде орындаиды, қателіктер жібермейді, өзіндік ойлаумен зерттеумен айналысады, пәнді оку барысында қосымша ғылыми әдебиеттерді өз бетінше қолданады, бағдарламалық материалды өз бетінше жүйелей алады.</p> <p>Жақсы «B», «C+»: студент қазақ тілі саласындағы білімдерін көрсетеді, бағдарламалық материалды 75% -дан кем емес игеруді көрсетеді, сонымен қатар жауап беруде қателік жібермейді, өздік тапсырмаларды дер кезінде орындаиды, оқытушының нұсқауымен қосымша әдебиеттерді қолданады, оқытушының, көмегімен бағдарламалық материалды қалай үйімдастыруды біледі.</p> <p>Канағаттанарлық «C», «C-», «D», D+: студент қазақ тілі саласында білімі бар, бағдарлама материалын кемінде 50% игерді, өзіндік жұмыстарды, үй тапсырмаларын орындау кезінде оқытушының көмегін қажет етеді, ғылыми-зерттеу жұмыстарында белсенділік танытпайды, тек оқу әдебиеттерімен, оқытушы көрсеткен материалды жүйелеуде киындықтар туындағы.</p> <p>Канағаттанарлықсыз «F»: студент қазақ тілі саласындағы кейір идеяларға ие, бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде кемшіліктер табылған, пән бағдарламасының жартысынан көбін игермеген, жауаптарда түбекейлі қателіктер жіберген, ағымдағы, аралық формаларда қарастырылған жеке тапсырмаларды орындаған және қорытынды бақылау, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиеттерді пысықтаған жоқ.</p>		

Студенттердің оку жетістіктерінің деңгейі рейтингтік бағалаудан және аралық аттестаттауды бағалаудан қалыптасады.

Пән бойынша корытынды бағага ағымдағы үлгерім және корытынды бакылау бағалары кіреді (емтихан бағасы).

Ағымдағы үлгерімді бағалау үлесі академиялық пәндер бағдарламасы бойынша студенттің мәңгеру дәрежесін корытынды бағалау кезінде кемінде 60% құрайды.

Корытынды бакылау бағасы академиялық пән бойынша білімнің корытынды бағасының кемінде 30% құрайды. Қанағаттарлық корытынды баға пәндер бойынша берілген кредиттерді белгіленген мөлшердегі кредиттермен толықтыруға негіз болады және студенттің транскрипт /қосымшасына енгізіледі. Студенттер корытынды бақылауда (емтиханда) «қанағаттанарлықсыз» алған кезде, пән бойынша корытынды баға есептелмейді.

Білім алушылардың оку жетістіктерінің деңгейі рейтинг-рұқсат беру бағасынан және аралық аттестаттау бағасынан қалыптастырылатын корытынды бағалаумен айқындалады.

Рұқсат беру рейтингі ОЖЖ-да көзделген олардың сапасына қойылатын талаптарға сәйкес бағаланған білім алушының күзыреттерінің қалыптасу деңгейін (пайызбен) бағалайды. Бұл деңгей, бір жағынан, корытынды бақылауға жіберу үшін жеткілікті болуы керек (корытынды сынаққа дайындық - емтихан), екінші жағынан, білім берудің келесі кезеңдерінде кәсіби күзыреттілікті одан әрі дамыту және дамыту үшін қажет.

Емтиханға жіберу рейтингі 50 және одан да көп пайызды қурауы тиіс. Рұқсат беру рейтингі үлгерімнің ағымдағы бақылауын бағалаудан және межелік бақылауларды бағалаудан құралады рұқсат беру рейтингі пәннің әрбір блогы бойынша рейтингтердің орташа арифметикалық шамасы ретінде есептеледі.

Ағымдағы бақылау-бұл пәннің оку бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабактарда оқытушы жүргізетін білім алушылардың білімін жүйелі тексеру. Білім алушылардың оку жетістіктерін бағалау бақылау жүргізу нысанына байланысты болады.

Аралық бақылау-Оқу пәннің бір бөлімін аяқтау бойынша білім алушылардың оку жетістіктерін бақылау. Пәнді оку кезеңінде кемінде 2 аралық бақылау жүргізіледі. Аралық бақылауды жүргізу уақыты ОЖЖ-да көрсетіледі. Аралық бақылауды жүргізу нысаны ЦӘК және әдістемелік кеңестің шешімімен белгіленеді.

Әрбір межелік бақылауды бағалау 100 балл (%-дық мазмұн) негізге алына отырып жүзеге асырылады.

Корытынды бақылау түрі-емтиханмен кортындыланады.

$$I\% = \frac{n}{n} \times 0,6 + \mathcal{E} \times 0,4$$

Мұндағы: Р - рейтинг бағасының пайыздық мазмұны; n - рейтингтердің саны; Э - емтихан бағасының пайыздық мазмұны.